



М.ОСПАНОВ АТЫНДАФЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН

МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ

# Студенттің өзіндік

## Жұмысы

*Кафедра: Жалпы дәрігерлік тәжірибе*

*Дисциплина: Жалпы дәрігерлік тәжірибе*

*Факультет: Жалпы медицина*

*Тақырыбы: Ревматоидты артрит*

*Курс: 5*

*Топ: 515 Б*

*Орындаған: Махаш Ә.Қ*

*Тексерген: Есенгалиева I.E*

*Ақтөбе қаласы 2016-17 жыл*

## Жоспары:

- 1.РА анықтамасы. Өзектілігі.
- 2.Таралу жиілігі.
- 3.Этиологиясы.
- 4.Клиникалық көрінісі( сатысына, процестің өткірлігіне, өзге ағзалардың закымдануына қарай).
- 5.Жіктемесі.
- 6.Лабораториялық өзгерістер.
- 7.Диагноз, дифференциялық диагнозы.

# РА анықтамасы

---

Көбіне шеттік буындардың симметриялық эрозиялық деструкциялық зақымдануына және буыннан тыс бұзылыстарға әкелетіндәнекер тіннің тоқтаусыз меңдейтін жүйелі ауруы.



# ЭТИОЛОГИЯСЫ

---

- Ген ерекшеліктері: НЛА жүйесінің антигендік құрылымының ерекшелігіне байланысты.
- Инфекциялық агенттер: вирустар, бактериялар, суперантигендер
- Гормоналды өзгерістер (жыныс гормондары, пролактин)

## *Патогенезі.*


- Патогенезі толық анықталмаған, болжаулар бойынша жоғарыда аталған әсерлер келесі жобамен тіндерді закымдауы мүмкін.
- Бұын тініне тропты белгісіз бір агент синовий қабатын мекендейдеп, иммундық реакцияны қоздырады. Осыдан агрегацияланған IgG және IgA, IgM (антиген ролін атқаратын) түзіледі. Синовидегі плазмалық жасушалар мен лимфоциттер бұл IgG Fc 1 фрагментіне қарсы IgM және A, G кластарына жататын антиденелерді (ревматоидтық факторды) түзе бастайды.

\* Осы антиденелердің (РФ), антигеннің және комплементтердің қатысуымен синовиялық қабық пен синовиялық сүйкітықта иммундық комплекстер түзіледі. Иммундық комплекстерді жою мақсатымен синовий қабығына нейтрофилдер, макрофагтар жиналады. Иммундық комплекстерді жою нәтижесінде бұлардан түрлі кабыну медиаторлары - лимфокиндер, лизосомалық ферменттер, лейкотриендер, простагландиндер, бос оттегі радикалдары т.б. бөлінеді. Аталмыш заттар, әсіресе, бос радикалдар сінір мен сүйекті зақымдайды.

Иммундық жүйенің белгісіз бір кемістігінен, организм иммундық комплекстерден жөнді тазартылмайды, сондықтан буын қуысында бір басталған қабыну процесі созылмалыға айналып, тоқтаусыз өрістейді. Ревматоидтық артритке буындардың қабынуымен қатар иммункомплектік васкулиттің дамуы тән. Сондықтан бұл ауруда буыннан тыс жүйелі закымданулар да болады.

# ПАТОГЕНЕЗ РА НА СУСТАВНОМ УРОВНЕ

The effects of RA on a joint



# **Бұын зақымдануының клиникалық көрінісіне аса тән:**

- Пальпация кезіндегі ауру сезімі және ісінулер
- Қолдардағы қысу күшінің төмендеуі
- Бұындардағы таңертеңгілік құрысуладардың болуы(синовиттің ұзактылығына байланысты)
- Ревматоидты түйіндер (сирек)



Шеміршегі жойылған сүйектің эпифизі де бұзылады, беті тышқан кеміргендей кетіктенеді. Үйлесімділіктің жойылуынан кейбір сүйектің басы ұясынан таяды, осыдан буындар қисайып деформацияланады. Кей буындарда сүйектің бастары бір-бірімен бітісіп, сүйектік анкилозға әкеледі.

Ревматоидтық артритте қабыну және фиброз процесі бүкіл буын қабын, сіңірлерін қамтиды, зақымданған тіндер жүре келе бүрісіп, қыскарады. Осылардың барлығы буын қозғалысының шектелуіне және ауыр деформацияларға әкеледі.

## *Клиникалық, көрінісі*

Клиникалық көрінісінен ревматоидтық артрит екіге бөліп қаралады.

- \* Біріншісі — буындық түрі, ревматоидтық артритпен ауырғандардың 80%-да кездесетін. Оның басты белгісі — буындардың қабынуы мен деформациясы.
- \* Екіншісі — буын-висцеральді түрі. Бұл түрінде буынмен бірге түрлі ағзалар зақымданады.

# **РА критерилері**

**Таң ертеңгілік құрсаулық**

**З және одан да көп буын аймақтарының  
артриті**

**Саусақ буындарының артриті**

**Симметриялық артрит**


**Ревматоидты түйіндер**

**Қан сары сүйнде РФ анықталуы**

**Рентгенологиялық өзгерістер**

## Клиникалық көрінісі

- \* Ревматоидтық артрит басталған шағында ең алдымен өзінің "сүйікті" буындарын зақымдайды:
  - \* алақан-саусақ,
  - \* проксимальді фалангааралық,
  - \* кейіндеу— табан-бақай және тілерсек буындарын.
- \* Бұл ауруға буындардың симметриялы зақымдануы тән.




Пяй Л.Т., 1987

Жүре-бара патологиялық процесс мендеп, көптеген буындарға таралады. Бірақ ревматоидтық артрит тиіспейтін буындар да бар: омыртқа жотасының бел және кеуде бөлігі, дистальді саусақаралық, У-ші проксимальді фалангааралық (шынашақтық). Бұл ерекшелік ревматоидтық артритті өзге артриттерден айыруға көмектеседі.

Ревматоидтық артриттің баяу өрістейтін түрі ең алдымен буындардың үйқыдан оянған кезде сіресуінен басталады. Сіресудің қатаандығы мен созылу уақыты қабыну процесінің деңгейіне тәуелді. Минимальді активтілікте - 30-60 минут, ауырлау жағдайда — түске, тіпті кешке дейін созылады.



Насонова В.А., 1997



Пяй Л.Т., 1987

# STATUS LOCALIS MORBI (ОБЪЕКТИВНОЕ ОБСЛЕДОВАНИЕ МЕСТА ПОРАЖЕНИЯ)



- ДЕФИГУРАЦИЯ ПРОКСИМАЛЬНЫХ И ДИСТАЛЬНЫХ МЕЖФАЛАНГОВЫХ СУСТАВОВ КИСТЕЙ И СТОП, ПЯСТНОФАЛАНГОВЫХ, ЛУЧЕЗАПЯСТНЫХ, ПЛЮСНЕФАЛАНГОВЫХ, ГОЛЕНОСТОПНЫХ СУСТАВОВ
- УЛЬНАРНАЯ ДЕВИАЦИЯ КИСТЕЙ ПО ТИПУ «ЛАСТ МОРЖА»



© R. L. Huckstep, 1997

## РА барысының түрлері:

- \* 1.Өрістеуі баяу — 2-3 жылдың көлемінде зақымдау процесі жаңадан 2-3 буынды қамтиды және рентгендік көрініс 1 сатыға ауырлайды.
- \* 2. Өрістеуі тез — сүйек буындардың деформациялары алғашқы жылдың ішінде-ақ қалыптасады; висцеральдік белгілер болады; жаңадан қамтитын буындардың саны біреуден артық. Рентгендік көрініс 2 сатыға ауырлайды; буын функциясы 50%-ға төмендейді.
- \* 3.Өрістеуі байқалмайтын барысында полиартриттің белгілері жеңіл. Бірнеше жылдар ауру білдірмей мендейді. Буындар шамалы қисаяды, көбіне қол ұшының ұсақ буындары жеңіл-желпі, бірақ тұрақты деформацияланады. Қабынудың лабораториялық белгілері айқын емес. Наукастардың бірқатарында аурудың барысы басқа түріне ауысуы мүмкін.

# Ревматоидтық артриттің активтілік дәрежелері:

- I дәрежесі (минималъді)**
- II дәрежелі (орташа).**
- III дәрежесі (біік).**

## *Буындар функциясы бұзылысының жіктемесі (БФБ).*

Буын функциясы бұзылысының үш сатысын бөліп айырған.

БФБ I — буындардың қозғалысы шамалы шектеледі, ертеңгілікте біраз уақыт сіреседі. Науқас қыындықпен болса да мамандығы бойышша еңбекпен айналыса алады.

БФБ II - буындар қозғалысы едөуір шектеледі, тұрақты контрактуралар калыптасады. Науқас еңбекке жарамсыз, бірақ өз-өзін күте алады.

БФБ III — буындардың қозғалысы болар-болмас деңгейде немесе мұлдем қозғалмайды, науқас өзін-өзі күте алмайды, кісі қолына карап қалады.



# РЕНТГЕНОЛОГИЯЛЫҚ САТЫЛАРЫ

I СТАДИЯ



Насонова В.А., 1997

Бұын маңайының остеопорозы, бұын құысының тарылуды

## II СТАДИЯ




Насонова В.А., 1997



Насонова В.А., 1997

Бұын маңайының остеопорозы, бұын құысының тарылуды  
бірен сарап кетіктердің анықталуы

### III СТАДИЯ



**Бұын маңайының остеопорозы, бұын құысының тарылуды  
көптеген кетіктердің анықталуы,**

## IV СТАДИЯ



Бұын маңайының остеопорозы, бұын құысының тарылуды,  
сүйек анкилозы

## IV СТАДИЯ

Brauch M., 1999



Brauch M., 2000



Бұын маңайының остеопорозы, бұын құысының тарылуды,  
сүйек анкилозы

*Ревматоидтық; артриттің лабораториялық белгілері:*

1.Гипохромдық анемия.

2.Орта шамадағы  $10-15 \times 10^9/\text{л}$  лейкоцитоз.

3.ЭТЖ-ның биіктеп, түспей тұруы. Оның биіктігі процестің активтілігіне төуелді, ауыр жағдайда 80-90 мм сағ. дейін жоғарылады.

4. Ревматоидтық фактордың болуы. РФ 1:20 титрден жоғары сынама он саналады. Аурудың алғашқы 6 айында РФ анықталмауы мүмкін. РФ болу-болмауынан ревматоидтық артриттің серопозитивті және серонегативті түрлерін айырады.

5. Циркуляциялық иммундық комплекстер (наукдстардың 30-50%-да анықгалады).

6 .Ревматоидтық артритке тән антикератиндік антиденелер.

7. Науқастардың 8-27%-да IgE жасушалар, 3-14%-да антинуклеарлық фактор, 30%-да антирибосомалық антиденелер анықталады.

8. Синовий сүйкіткішің анализінде ревматоидтық артритке тән белгілер:

- а) РФ-ның болуы;
- ә) комплементтер титрінің жоғарылауы;
- б) раНоциттер санының көбеюі, барлық жасушалардың 40%-дан артығын түзеді (рагоциттер — түрі тұт жемісіне ұқсас, цитоплазмасында РФ тұратын түйіршіктері бар нейтрофилдер);
- в) синовиялық сүйкіткіш болбырлығы (тығыз еместігі). Оны синовий сүйкіткішін сірке қыішқылының ерітіндісіне қосып анықтайды.

## *Ревматоидтық артриттің диагностикалық критерийлері:*

- \* әйелдердің жиілеу шалдығуы;
- \* инфекцияға тікелей байланысының жоқтығы;
- \* буындардың ауырсынуы, ісінуі, салицилаттардың әсер етпеуі;
- \* қымылсыз жағдайдан кейін, өсіреле өртеңгіліктे буындардың ең болмағанда 1 сағат сіресуі;
- \* бір "ұстаған" буындардан айырылмастан өрістеп дамуы және 3-6 айдың ішінде жаңа 1-2 буынды қосып зақымдауы;
- \* басым ұсақ буындарды симметриялы зақымдауы (алақан- саусақтық, проксимальді фалангааралық және табан-бақайлық);
- \* буындардың қайтымсыз деформациялануы (қозғалысының шектелуі, контрактуралар, анкилоздар);

- \* бір биқтеген ЭТЖ-ның оңайлықпен төмендемеуі;
- \* буын маңындағы теріастышық түйіндер болуы;
- \* РФ болуы;
- \* рентгенограммадағы өзгерістер: остеопороз, шеміршектің бұзылышы жойылуынан буын жегінің тарылуды, сүйекте буын бетінің кетіктенуі.
- \* Диагаоз сенімді болуы үшін ең кемінде 4 критерий болуы тиіс.

- \* Ем жобасын түзгенде ревматоидтық артриттін түрін, активтілік дәрежесін, науқастың жасын, ілеспелі ауруларын еске алады.
- \* *Ем бағдарламасы:*
- \* Тез әсерлі қабынуға қарсы дәрмектер.
- \* Базистік дәрмектер.
- \* Иммундық жүйені реттейтін дәрмектер мен шаралар.
- \* Жергілікті ем жөне дәрмектерді буын ішіне енгізу.
- \* Физиотерапия.
- \* Емдік дене шынықтыру, массаж, еңбекпен емдеу.
- \* Санаторлық-курорттық ем.
- \* Хирургиялық ем.
- \* Реабилитация.
- \* Диспансерлеу.

- \* Стероидты емес қабынуға қарсы препараттар:
  - \* напроксен (0,75-1 г тәулігіне), **вольтарен**, индометацин (150 мг тәулігіне) және ибупрофен (брүфен) — (1,2-1,6 г тәулігіне).
  - \* метиндол-ретард 0,075 г, суппозитория түрінде — 0,075 г немесе вольтарен-ретард 0,1 г тұнге карай бір рет беріледі).

- \* Анальгетикалық гастропатияны алдын алу үшін:
  - \* Стеройдтық емес қабынуға қарсы дәрмектерден циклоксигеназа-2 (ЦОГ-2) ингибиторлары қодданылуда
    - \* целебрекс 200 мг күніне 2 рет,
    - \* нимесулид 100 мг күніне 2 рет.
  - \* H2-гистамин рецепторларының блокаторлары
    - \* ранитидин 150 мг екі рет күніне
  - \* Протондық помпаның ингибиторлары
    - \* омепразолды 20 мг 2 рет күніне

- \* *Жүйелі емге қолданатын глюкокортикоидтар:*
- \* *Преднизолон* — 0,005 г таблеткада немесе ампулада 1 мл — 30 мг (вена ішіне, бұлшықетке салуға арналған);
- \* *триамциналон* (*полькортолон, берликорт, кенакорт*) — 0,004 г таблетка түрінде;
- \* *кеналог-40* (1 мл 40 мг триамциналон) — бұлшықетке салуға арналған;
- \* *дексаметазон* (*дексазон, дексон*) — таблетка түрінде 0,0005 г және 0,000075 г, ампула түрінде (1 мл 4 мг дексаметазон-21-фосфаттың натрийлік тұзы бар) бұлшықетке, венаға салуға арналған;

# Базистік дәртектер.

- \* алтын дәрмектері;
- \* цитостатиктер;
- \* Д-пеницилламин;
- \* 4 аминохинолин туындылары;
- \* сульфаниламидтер (сульфосалазин, салазопирвазин);
- \* циклоспорин және тенидап, цитокиндерге және лішфоциттік антигендерге моноклондық антиденелер;
- \* Энцефабол
- \* Метациклин.

# *Алтын дәрмектері.*

- Емдік өсерінің қуаттылығынан бұл дәрмектер бірінші орында (науқастардың 80%-да ремиссияға Әкеледі). Алтын дәрмектері синовий кабығында және мононуклеарлық фагоциттер жүйесінде жиналып ұзак сақталады, макрофагтарды, нейтрофилдерді тежейді. РФ түзілуін азайтады.
- Кризанол — 1 мл 17 мг алтын бар.
- Басыңда кризанолды аздау дозада, 0,5-1 мл 7 күнде бір-екі рет булшықетке салып байқайды, кейін аптасына 1 рет 2 мл "-8 ай салады. Бұдан кейін дәрмектің емдік өсері құмөнсіз болса, 3-4 ай 2 мл 2 аптада бір салынады; егер ремиссия сақталып, науқастың жағдайы жақсарса, оны 2 мл 3 аптада бір рет, 1-2 жыл (тіпті үзбестен одан да ұзак) салуға болады. Емдік өсердің алғашқы белгілері 3-4 айдан кейін, әдетте 200-400 мг алтынды қабылдаған соң білінеді, әрі қарай адамның жағдайы төуірлене береді.
- Санакризин — кризанол тәрізді, 50 мг (алтыны 25 мг) булшықетке енгізеді.

## *Иммундепрессанттар-цитостатиктер*

- \* аутоиммундық реакциялардың, аутоантиденелердің, иммундық комплекстердің (ИК) түзілуін тежеуі; лизосомалық мембраналарды тұрақтау арқылы протеолиздік ферменттердің шығуына жол бермеуі; қабынуға қарсы тікелей әсер етуі.
- \* Метотрексат 2,5 мг таблеткалық және 5 мг ампула түрінде шығарылады. Оны 2,5 мг аптасына 3 рет 12 сағат аралығымен ішкізеді (дүйсенбі күні сағат 8-де және 20-да, сейсенбіде сағат 8-де, содан кейін келесі дүйсенбіде ертенгі сағат 8-ге дейін үзіліс жасайды).
- \* Циклофосфан 100-150 мг тәуліктік дозада 3-4 апта, кейін 12,5-75 мг, кейде 25 мг күнара булшықетке салынады.
- \* Имуран 0,05 г таблетка түрінде шығарылады; күніне 1 таблеткадан 3 рет 3-4 апта беріп, кейін 25-50-75 мг сүйемелдеуші дозага ауыстырып, ұзак ішкізеді.

## *Преднизолон мен циклофосфанды қосарлап жүргізетін пульс-терапия:*

- \* 1-ші күні 1000 мг циклофосфанды + 1000 мг метилпреднизолонды 300-400 мл натрий хлоридінің физиологиялық ерітіндісіне қосып, вена ішіне 30-40 минут тамшылатып енгізеді.
- \* 2-ші және 3-ші күндері метилпреднизолонды (1000 мг дозада), бір өзін тамшылатады.

## **Науқастың жүкті болуға шешім қабылдауы байланысты**

- Лабораторлы және клиникалық көрсеткіштеріне
- Аурудың даму дәрежесіне және ауырлығына
- Функционалды бұзылыстарына
- Науқастың айналасын қоршаған адамдарға

**Жүкті болуға салыстырмалы қарсы көрсеткіш-ревматоидты артриттің жүйелі көріністері, базисті препараттарды қабылдауды талап ететін жоғары дәрежелі буындық формасы болуы мүмкін.**

Жүктілік кезінде нәрестеге зиян тимес үшін оптимальды дозаны қабылдайды.

- Кортикостероидты гормондардың аз дозасы нәрестенің дамуына әсер етпейді.

СЕҚҚП жүктіліктің 1-триместрінде қолданбайды, тератогенді әсері және босану алдындағы асқынуларды шақырады.

Базисті препараттарды қабылдау тоқтатылады.

# Колданылған әдебиеттер:

1. Вопросы клинической ревматологии. Б.Г. Исаева
2. Жаманкулов «Ішкі аурулар»
3. [http://www.argo-shop.com.ua/library.php?id\\_cot=4865&full\\_id=4868](http://www.argo-shop.com.ua/library.php?id_cot=4865&full_id=4868)
4. [http://ru.wikipedia.org/wiki/Ревматоидный\\_артрит](http://ru.wikipedia.org/wiki/Ревматоидный_артрит)
5. <http://www.stemcellclinic.com/ru/clinic/treatment/6.html>
6. <http://www.medison.ru/si/art290.htm>



Назар аұларғаның үшін  
РАХМЕТ!